

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СУ
Сынап мөлшерін «суық бу» әдісімен анықтау

ВОДА
Определение содержания ртути методом «холодного пара

ҚР СТ 2324-2013

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технология министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СУ

Сынап мөлшерін «суық бу» әдісімен анықтау

ҚР СТ 2324-2013

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технология министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан метрология институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «Люмэкс-маркетинг» ЖШҚ **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы 07 қазандағы № 493-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Люмэкс-маркетинг» ЖШҚ әзірлеген (Санкт-Петербург қаласы, Ресей Федерациясы) Ә 01-42-2008 «Табиғи, ауыз су, беттік, теңіз және тазартылған ағынды су сынамасындағы сынаптың массалық концентрациясын сынап талдағышта селекциялық емес сіңіру зееманалық түзетілетін атомды – абсорбциялық әдіспен өлшемдерді орындау әдістемесі» негізінде әзірленген.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2019 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жыл сайын, сондай-ақ мәтін өзгерістер мен түзетулер ай сайын басылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (өзгертілу) жою жағдайында, тиісті хабарлар ай сайын басылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі.».

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Өлшеу дәлдігі көрсеткіштеріне қойылатын талаптар	3
5	Өлшеу әдісі	4
6	Өлшеу құралдары, қосалқы құралдар, реактивтер мен материалдар	4
7	Қауіпсіздік, қоршаған орта талаптары	7
8	Оператор біліктілігіне қойылатын талаптар	7
9	Өлшеу шарттарына қойылатын талаптар	7
10	Өлшемдерді орындауға дайындау	7
11	Өлшемді орындау тәртібі	15
12	Өлшеу нәтижелерін өңдеу	18
13	Өлшеу нәтижелерін рәсімдеу	19
14	Өлшеу сапасын бақылау	20
	Библиография	24

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СУ
Сынап мөлшерін «суық бу» әдісімен анықтау

Енгізілген күні 2014-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт сынап талдағышта селективті сіңіру зеемана түзетілген табиғи (оның ішінде беттік және теңіз), ауыз су (оның ішінде өлшенген сыйымдылықта), минералды, ағынды су сынамасында жалпы және ерітілген сынаптың массалық концентрациясын атомды – абсорбциялық әдіспен өлшеу әдістемесін белгілейді.

Стандарт екі әдісті белгілейді. А әдісі (перманганаттық минералдау) минералдау шарттарын пайдалану керек және табиғи, ауыз және ағынды суға арналған күрделі матрицасы бар сынамаларды дайындау үшін ұсынылады.

Жалпы және ерітілген сынаптың массалық концентрациясын өлшеу ауқымы 0,010 мкг/дм^3 бастап 2000 мкг/дм^{3}дейін.

Б әдісі (бромид-бромат минералдау) табиғи (оның ішінде теңіз), минералды, ауыз су (оның ішінде өлшенген сыйымдылықта), тазартылған ағынды су сынамасын дайындау үшін минералдаудың айтарлықтай оңай шарттары қарастырылады.

Жалпы және ерітілген сынаптың массалық концентрациясын өлшеу ауқымы 0,0100 мкг/дм^3 бастап 5,0 мкг/дм^3 дейін.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтеме нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 07 маусымдағы № 53-II заңы.

ҚР СТ 2.1-2009 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының Өлшем бірлікті қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу құралдары типін бекіту және сынақ өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының Өлшем бірлікті қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу құралдарының метрологиялық аттестациясын өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.79-2004 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Шетел өндірген заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандарттық үлгілері. Қолдануға рұқсат ету тәртібі. Негізгі ережелер.

ҚР СТ ГОСТ Р 51592-2003 Су. Сынамаларды іріктеуге қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ ГОСТ Р 51593-2003 Ауыз су. Сынамаларды іріктеу.

ҚР СТ ГОСТ Р 52109-2003 Ыдысқа құйылған ауыз су. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігін оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктеу және жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.009-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасы. Негізгі түрлер. Орналастыру және қызмет көрсету.

ГОСТ 17.1.5.05-85 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Беттік және теңіз сулар және атмосфералық тұнба сынамаларын іріктеуге қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық өлшегіш шыны ыдыс. Цилиндрлер, өлшектер, құтылар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 4146-74 Реактивтер. Күкірт қышқылды калий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4204-77 Реактивтер. Күкірт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4220-75 Реактивтер. Екі ромоқышқыл калий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4328-77 Реактивтер. Натрий гидрототығы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4457-74 Реактивтер. Бром қышқылды калий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5456-79 Реактивтер. Гидроксиламин гидрохлориді. Техникалық шарттар.

ГОСТ ИСО 5725-6-2002 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы мен анықтығы). 6-бөлім. Практикада дәлдік мәндерін пайдалану.

ГОСТ 6709-72 Тазартылған су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 11125-84 Тазалығы ерекше азот қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13032-77 Полиметилсилоксан сұйығы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14261-77 Тазалығы ерекше тұз қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14919-83 Электрплиталар, электрплиткалар және тұрмыстық қуырылған электршкафтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 20490-75 Реактивтер. Марганец қышқылды калий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 23268.0-91 Емдік, емдік - асхана және табиғи асхана минералды ауыс сулар. Қабылдау ережесі және сынамаларды іріктеу әдістері7

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 25336-82 Зертханалық шыны ыдыстар мен жабдықтар. Типтер, негізгі параметрлер мен өлшемдер.

ГОСТ 29169-91 Зертханалық шыны ыдыс. Бір белгісі бар тамшуырлар.

ГОСТ 29227-91 Зертханалық шыны ыдыс. Градуирленген тамшуырлар. 1-бөлім. Жалпы талаптар.

ГОСТ Р 53228-2008 Автоматты емес әрекет таразылар. 1-бөлім. Метрологиялық және техникалық талаптар. Сынақтар.

ГОСТ Р 12.1.019-2009 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар және қорғау түрлерінің номенклатурасы.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандарты пайдалану кезінде үстіміздегі жылдың берілген «Қазақстан Республикасы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіші», «Стандарттау бойынша мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» жыл сайын жарық көретін ақпараттық көрсеткіші бойынша және үстіміздегі жылы жарияланған тиісті ай сайын жарық көретін ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтеме құжаттардың қолданылуын тексеру керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай алынып тасталған жағдайда, онда сілтеме берілген ережеде осы сілтеме жатпайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» заңына, ҚР СТ 2.1 сәйкес терминдер қолданылады.

4 Өлшеу дәлдігі көрсеткіштеріне қойылатын талаптар

k=2 қамту коэффициенті кезінде осы стандарт бойынша өлшеу дәлдігінің көрсеткіші – өлшемнің салыстырмалы кеңейтілген белгісіздігі мәндері 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Өлшемнің кеңейтілген белгісіздігінің мәндері

Сынаптың массалық концентрациялық өлшеу ауқымы, мкг/дм^3	k=2 қамту коэффициенті кезінде өлшемдердің салыстырмалы кеңейтілген белгісіздігі $U_{қаты}$, %
А әдісі	
0,010 бастап 0,050 дейін қоса	$32+\frac{0,40}{X}$
0,050 жоғары 0,20 дейін қоса	40
0,20 жоғары 1,00 дейін қоса.	20
1,00 жоғары 2000 дейін қоса	14
Б әдісі	
0,010 бастап 0,030 дейін қоса	$20+\frac{0,45}{X}$
0,030 жоғары 0,10 дейін қоса.	35
0,10 жоғары 1,00 дейін қоса	20
1,00 жоғары 5,0 дейін қоса	14
* өлшеу қателігі сипаттамаларына сәйкес келеді (Р = 0,95сенімді ықтималдығы үшін өлшемдердің салыстырмалы қателігі сенімді шекараларына)	

5 Өлшеу әдісі

Өлшеу әдісі қалайы хлориді (II) сынап катиондарын қалпына келтіру, ауа тогымен («суық бу» әдісі) талдағыштың аналитикалық кюветінде атомарлық сынап тасымалында және 253,7 нм толқынының резонанс ұзындығында сынаптың атомдық сіңіруді өлшеуге негізделген.

Сынамадағы сынаптың массалық концентрациясы сынап иондарының су ерітінділері құрамының стандарттық үлгісін сұйылту арқылы дайындалған градуирлеу ерітінділерін пайдаланып алдын ала белгіленген градуирлеу сипаттамалары негізінде интегралдық аналитикалық сигнал шамасы бойынша анықталады.

Сынамада сынаптың ұсынылатын мазмұнына байланысты бір жүрісті немесе көп жүрісті аналитикалық кюветке пайдаланылады (10.7).

Егер сынамадағы сынаптың массалық концентрациясы градуирлеу сипаттамасы ауқымының жоғары шегінен артатын болса, онда сынама сұйылтады (11.2).

6 Өлшеу құралдары, қосалқы құралдар, реактивтер мен материалдар

6.1 Өлшеу құралдары

«суық бу» әдісін іске асыруға арналған қондырмасы бар сынап талдағыш (мысалы, РП-91, РП-92)

Сыйымдылығы 1, 2, 5, 10 $см^3$ 2-дәлдік кластағы градуирленген тамшуырлар	ГОСТ 29227
Сыйымдылығы 1, 5, 10 $см^3$ 2-дәлдік кластағы бір белгісі бар градуирленген тамшуырлар	ГОСТ 29169
Сыйымдылығы 25, 50, 100, 1000 $см^3$ 2-дәлдік кластағы өлшегіш құтылар	ГОСТ 1770
Сыйымдылығы 25, 50, 100, 1000 $см^3$ 2-дәлдік кластағы өлшегіш құтылар	
Сыйымдылығы 50, 100, 1000 $см^3$ өлшегіш құтылар	ГОСТ 1770
Сыйымдылығы 50, 100, 200 $см^3$ өлшегіш құтылар	
Шекті жүктемесі 220 г және бөлу бағамы (дискреттік есептеу) 0,001 г дәлдігі класы жоғары зертханалық таразылар	ГОСТ Р 53228
Өлшеу қателігі ± 0,0002 г и ± 0,02 г зертханалық таразылар.	ГОСТ 24104
50 °С бастап 100 °С дейін және бөлу бағамы 1 °С өлшеу температурасының мүмкіндігін қамтамасыз ететін зертханалық сынап термометр .	
Бір арналы айнымалы көлемді 1 - 5 $см^3$ тамшуырлы дозаторлар	
Сынап ионы құрамының мемлекеттік стандарттық үлгісі (1 $г/дм^3$, массалық концентрацияның номиналды мәні, қателігі ± 1,0 %)	МСҮ 0013:1998

Өлшеу құралдары белгіленген мерзімде салыстырып тексерілуге тиіс. Басқа да өлшеу құралдарын және метрологиялық сипаттамалары ұқсас келетін немесе одан артық стандарттық үлгілерді пайдалануға болады.

6.2 Реактивтер

Тазартылған су	ГОСТ 6709
Азот қышқылы	ГОСТ 11125
Екі сулы қалайы хлориді (II)	
Күкірт қышқылы	ГОСТ 4204
Калий бихроматы стандарт-титр немесе калий бихроматы,	ГОСТ 4220
Натрий гидроксиды,	ГОСТ 4328
Гидроксиламин гидрохлориды,	ГОСТ 5456

А әдісі үшін қосымша:

Калий перманганаты,	ГОСТ 20490
Калий персульфаты,	ГОСТ 4146

Б әдісі үшін қосымша:

Калий бромиды,	
Калий броматы,	ГОСТ 4457
Тұз қышқылы,	ГОСТ 14261

Сипаттама жағынан ұқсас немесе одан жақсы басқа өндірушілердің, оның ішінде импорттық химия реактивтерді пайдалануға рұқсат етіледі.

6.3 Қосалқы жабдық

Сыйымдылығы 50, 500 және 1000 $см^3$ термотөзімді стақандар	ГОСТ 25336
Сыйымдылығы 250 $см^3$ конус тәрізді құтылар	ГОСТ 25336
Тесік өлшемі 0,45 мкм болатын мембраналық сүзгіштер	

А әдісі үшін қосымша:

Қыздыру температурасы құрылғысы мүмкіндігі болатын кез келген типті қыздыру плитасы	ГОСТ 14919
Тығыны тегістелген сыйымдылығы 100 $см^3$ түбі тегіс құтылар (П-1-100-29/32)	ГОСТ 25336
ХТП-1 немесе ХШ-1 типті тоңазытқыштар	ГОСТ 25336
П1-1-29/32-14/23 типті өтпелер	ГОСТ 25336

6.4 Ақпаратты жинау және өңдеу құралдары

Талдау нәтижелерін жинау, өңдеу және қорытынды жасау талдағышқа программалық қамтамасыз ету орнатылған дербес компьютер (ДК) көмегімен өткізіледі.

ДК қойылатын минималды талаптар программалық қамтамасыз ету пайдаланушылар нұсқауында келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ Басқа да өлшеу құралдарын және метрологиялық сипаттамалары ұқсас келетін немесе одан артық стандарттық үлгілерді пайдалануға болады. Пайдаланылатын өлшеу құралдары ҚР СТ 2.21 сәйкес типін бекіту немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестаттау, Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі тізіліміне тіркеу және ҚР СТ 2.4 сәйкес салыстырып тексеруге жатады.

7 Қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау талаптары

Өлшемдерді орындау [1] талаптарын, сондай-ақ ГОСТ 12.1.007 бойынша реактивтермен бірге жұмыс істеу кезінде техника қауіпсіздігінің талаптарын сақтау керек.

Құрамында сынап бар ерітінділерді кәдеге жарату [1] сәйкес өткізіледі.

Электрқауіпсіздігі ГОСТ Р 12.1.019 сәйкес, жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру ГОСТ 12.0.004 бойынша қамтамасыз етіледі.

Зертхана бөлімі ГОСТ 12.1.004 бойынша өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келуге және ГОСТ 12.4.009 бойынша өрт сөндіру құрылғылары болуға тиіс.

8 Оператор біліктілігіне қойылатын талаптар

Өлшеуді орындауға және олардың нәтижелерін өңдеуге өлшеу процедурасын оперативті бақылау кезінде оң нәтижелі алатын және оқыту процесіндегі әдістерін меңгерген тиісті нұсқаулықтан өткен сынап талдағышын пайдалану бойынша нұсқаулықтан өткен және «суық бу» (ПН қондырмасы) әдісін іске асыру үшін қондырманы пайдалану бойынша нақты әдістемені зерттеген, программалық қамтамасыз етуді пайдаланушы нұсқауы (ПҚ ПН), химия зертханасында жұмыс тәжірибесі және жоғары немесе арнайы орта химиялық білімі бар маман жіберіледі

9 Өлшеу шарттарына қойылатын талаптар

Зертханада өлшемдерді орындау кезінде мына шарттар сақталуға тиіс:

- ауа температурасы (20 ± 5) °С;
- қуат көзі кернеуі 198 В бастап 242 В дейін;
- ауа ылғалдығы, артық емес 80 % ..... 25 °С;

– атмосфералық қысым 84 кПа бастап 106,7 кПа дейін (630 мм рт.ст. бастап 800 мм рт.ст. дейін);

10 Өлшемдерді орындауға дайындау

Өлшемдерді орындауға дайындау кезінде мына жұмыстар өткізілуге тиіс: ыдыс тазалығын дайындау және бақылау, ерітіндіні дайындау және сынамаларды іріктеу және дайындау, градуирлеу, градуирлеу сипаттамасы тұрақтылығын бақылау.

Жұмыс ғимараты ауасында сынаптың буларының массалық концентрациясы 100 нг/м^3 аспауға тиіс. Ауадағы сынап буларының массалық концентрациясын бақылау талдағыштың ПН сәйкес өткізіледі.

10.1 Шыны ыдысты дайындау

Барлық ыдысты ыстық су өткізгіш сумен жуады, содан соң азот қышқылы (60 °С бастап 70 °С дейін) ыстық ерітіндісмен (1:1) немесе хром

қоспасымен (10.3.1), содан кейін кемінде 5 рет су құбыры суымен шаяды, кейіннен кемінде 3 рет тазартылған сумен шаяды.

Ыдыс екі рет жабылған полиэтилен пакетте сақталады.

10.2 Ыдыс тазалығын бақылау

Сынамаларды іріктеу дайындау және сақтау кезінде пайдаланылатын ыдыс тазалығын бақылау бақылау сынамасын талдап өткізеді.

Ыдыстың әрбір 10 бірлігін 100 $см^3$ тазартылған сумен шайып бақылау сынаманы дайындайды. Содан соң 10.30.1 бойынша 5 $см^3$ аликвотаны талдай отырып, бақылау сынамасында сынап мөлшерін өлшейді.

ПҚ ПН сәйкес 200 бірліктен аспауға тиіс пик ауданын тіркейді.

Кері жағдайда 10.1 бойынша ыдысты тағы да жуып, бақылауды қайталау керек.

10.3 Қосалқы ерітінділерді дайындау

10.3.1 Хром қосапасы

5 г калий бихромат аспасын сыйымдылығы 250 $см^3$ термотөзімді стақанға құйып, 10 $см^3$ тазартылған суға ерітеді, содан соң үздіксіз араластыру кезінде 100 $см^3$ концентрацияланған күкірт қышқылын құяды. Салқындаған соң тығыны бар күңгірт шынынан жасалған ыдысқа құйылады. Сақтау мерзімі – 3 ай.

10.3.2 Калий бихромат ерітіндісі, массалық концентрациясы 0,5 г/$дм^3$ (Б әдісі бойынша сынамалар консервациясы үшін)

Термотөзімді стақанға 15 $см^3$ тазартылған су құяды, 50 мг калий бихроматын құяды, еріткен соң мұқият араластырған соң 15 $см^3$ концентрациялаған азот қышқылын құяды (d=1,37 г/$см^3$).

Сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегін құтыға ерітіндісін құйып, белгіге дейін тазартылған су құяды. Қараңғы жерде сақтау мерзімі – 1 ай.

10.3.3 Сұйылту ерітіндісі

Сыйымдылығы 1000 $см^3$ өлшегіш құтыға 500 - 600 $см^3$ тазартылған су құйып, 200 мг калий бихроматын аспасына іледі, еріген соң 50 $см^3$ концентрациялаған азот қышқылын құйып мұқият араластырады (d=1,37 г/$см^3$) және белгіге дейін тазартылған сумен апарады. Қараңғы жерде сақтау мерзімі – 3 ай.

Ерітіндіні сұйылту тазалығын бақылау 5 $см^3$ бойынша аликвотаны екі рет талдау арқылы өткізеді.

ПҚ ПН сәйкес 500 бірліктен аспауға тиіс пик ауданын тіркейді.

Кері жағдайда ластану себетін тауып жояды.

10.3.4 Гидрохлорид гидроксиламин ерітіндісі, массалық концентрациясы 100 г/$дм^3$.

Сыйымдылығы 25 $см^3$ өлшегіш құтыға 2,5 г гидрохлорид гидроксиламинын құяды, 10-15 $см^3$ тазартылған су құйып, ерітінді көлемін белгіге дейін тазартылған сумен апарады. Тоңазытқышта сақтау мерзімі – 3 ай.

10.3.5 Натрий гидроксиді ерітіндісі, массалық үлесі 30 %

Сыйымдылығы 200 $см^3$ термотөзімді стақанға 70 $см^3$ тазартылған су құяды, 30 мг натрий гидроксидін құяды, еріген соң бөлме температурасына дейін салқындатады және полиэтилен немесе фторопласттан жасалған ыдыска құйылады. Сақтау мерзімі – 3 ай.

10.3.6 Қалпына келтіретін ерітінді

Қалпына келтіретін ерітінді минералдау әдісіне байланысты дайындалады.

- А әдісі үшін - 10.3.6.1 бойынша;
- Б әдісі үшін - 10.3.6.1 немесе 10.3.6.2 бойынша.

10.3.6.1 Күкірт қышқылындағы қалайы хлоридінің ерітіндісі (II)

Сыйымдылығы 250 $см^3$ термотөзімді стақанға 100 $см^3$ тазартылған су құяды, 30 $см^3$ концентрацияланған тазартылған су құйып, 20 г екі сулы (II) қалайы хлоридін қосады. Қалайы хлоридін толық ерігенге дейін және салқындаған соң қайнатпай мұқият қыздырады, содан соң 50 $см^3$ тазартылған су қосады. Болымсыз лайланған ертіндіге рұқсат етіледі. Тоңазытқышта сақтау мерзімі – 14 күн.

10.3.6.2 Тұз қышқылындағы қалайы хлоридінің ерітіндісі (II)

Сыйымдылығы 250 $см^3$ термотөзімді стақанға 40 $см^3$ тазартылған су құяды, 20 $см^3$ концентрацияланған тұз қышқылын құйып, 4,0 г екі сулы (II) қалайы хлоридін қосады. Қалайы хлоридін толық ерігенге дейін және салқындаған соң 135 $см^3$ тазартылған су қосады. Тоңазытқышта сақтау мерзімі – 7 күн.

10.3.7 А әдісі бойынша минералдауға арналған ерітінді

10.3.7.1 Калий перманганаты ерітіндісі, массалық концентрациясы 50 $г/дм^3$

5 г калий перманганаты аспасын термтөзімді сатқанға құйып, 30-50 $см^3$ тазартылған суда еріту кезінде ерітеді, содан соң сыйымдылығы 100 $см^3$ өлшегіш құтыға құйып, ерітінді көлемін белгіге дейін тазартылған су құяды. Күңгірт шынынан жасалған ыдыста сақтау мерзімі - 3 ай.

10.3.7.2 Калий персульфаты ерітіндісі, массалық концентрациясы 50 $г/дм^3$

1,25 г калий персульфаты аспасын сыйымдылығы 25 $см^3$ өлшегіш құтыға құйып, 10-15 $см^3$ тазартылған суда ерітінді көлемі белгіге дейін тазартылған су құю арқылы жеткізіледі. Ерітінді пайдаланылатын күніне дайындалады.

10.3.8 Б әдісі бойынша минералдауға арналған ерітінді

10.3.8.1 Тұз қышқылы ерітіндісі, молярлық концентрация 4 $моль/дм^3$

Сыйымдылығы 500 $см^3$ түбі жалпақ термотөзімді стақанға 200 $см^3$ тазартылған су құяды, 200 $см^3$ тазартылған су құйып, 167 $см^3$ концентрацияланған тұз қышқылын араластыру кезінде мұқият құяды. Салқындаған соң сыйымдылығы 500 $см^3$ өлшегіш құтыға ерітінді құйылады

және ерітінді көлемі белгіге дейін тазартылған су құю арқылы жеткізіледі. Сақтау мерзімі шектелмеген.

10.3.8.2 Калий бромат ерітіндісі, молярлық концентрация 0,033 моль/дм^3

0,56 г калий броматы аспасы 50 см^3 тазартылған суда ерітіледі, сыйымдылығы 100 см^3 өлшегіш құтыға құйылады және ерітінді көлемі белгіге дейін тазартылған су құю арқылы жеткізіледі. Қараңғы жерде сақтау мерзімі – 1 ай.

10.3.8.3 Калий бромиді ерітіндісі, молярлық концентрация 0,2 моль/дм^3

2,38 г калий бромиді аспасы 50 см^3 тазартылған суда ерітіледі, сыйымдылығы 100 см^3 өлшегіш құтыға құйылады және ерітінді көлемі белгіге дейін тазартылған су құю арқылы жеткізіледі. Қараңғы жерде сақтау мерзімі – 1 ай.

10.3.8.4 Бромид-броматтық қоспасы

Калий броматы (10.3.4.2) және клаий бромиді (10.3.4.3) ерітінділері 1:1 қатынасы бойынша ерітіледі. Ерітінді қолдану алдында тартып шығаратын шкафта тікелей дайындалады.

10.4 Градуирлеу ерітінділерін дайындау

10.4.1 10 мг/дм^3 массалық концентрациясы номиналды мәнінің сынап ерітіндісі

Сыйымдылығы 100 см^3 өлшегіш құтыға 30 см^3 сұйылту ерітіндісі (10.3.3) құйылады массалық концентрациясы 1,0 г/дм^3 сынап иондары ерітіндісі құрамының 1,0 см^3 МСУ тамшуырмен енгізіледі және белгіге дейін сұйылту ерітіндісімен мұқият араластыру арқылы жеткізіледі. Сынаптың массалық концентрациясының алдын ала жазылған мәні (1) формула бойынша есептеледі:

$$C_{реф} = C_{исх} \cdot \frac{V_a}{V_к} \qquad (1)$$

Мұндағы $C_{реф}$ – ерітіндідегі сынаптың массалық концентрациясының алдын

ала жазылған мәні, мг/дм^3;

$C_{исх}$ - Сынат ерітіндісі құрамының стандарттық үлгісіндегі сынаптың массалық концентрациясының аттестатталған мәні (паспорт бойынша), мг/дм^3;

V_a - аликвота көлемі, см^3;

$V_к$ - өлшегіш құтының көлемі, см^3.

Тоңазытқышта сақтау мерзімі - 6 ай.

10.4.2 100 мкг/дм^3 массалық концентрациясының сынап ерітіндісі (номиналды мәні)

Сыйымдылығы 100 см^3 өлшегіш құтыға 30 см^3 сұйылту ерітіндісі (10.3.3) массалық концентрациясы 10 мг/дм^3 (см. 10.4.1) құйылады, белгіге

дейін сұйылту ерітіндісімен мұқият араластыру арқылы жеткізіледі. Тоңазытөышта сақтау мерзімі – 1 ай.

Ерітіндідегі сынаптың массалық концентрациясының алдын аа жазылған мәні мұнда және бұдан әрі осы ерітіндіні дайындау үшін пайдаланылған ерітіндідегі сынаптың массалық концентрациясының алдын ала жазылған мәні пайдалану $C_{бас}$ арқылы (1) формула бойынша (10.4.1) есептеледі.

Бұл ретте $C_{реф}$ және $C_{исх}$ мәндері былай көрсетілген, мкг/дм^3.

10.4.3 10 мкг/дм^3 массалық концентрациясының сынап ерітіндісі (номиналды мәні)

Сыймдылығы 50 см^3 өлшегіш құтыға 30 см^3 сұйылту ерітіндісі (10.3.3), массалық концентрациясы 100 мг/дм^3 (см. 10.4.2) сынап 5 см^3 ерітіндісінің құйылады, белгіге дейін сұйылту ерітіндісімен мұқият араластыру арқылы жеткізіледі. Тоңазытқышта сақтау мерзімі – 10 күн.

10.4.4 10 мкг/дм^3 массалық концентрациясының сынап ерітіндісі (номиналды мәні)

Сыймдылығы 100 см^3 өлшегіш құтыға 30 см^3 сұйылту ерітіндісі (10.3.3), массалық концентрациясы 100 мг/дм^3 (см. 10.4.2) сынап 1 см^3 ерітіндісінің құйылады, белгіге дейін сұйылту ерітіндісімен мұқият араластыру арқылы жеткізіледі. Тоңазытқышта сақтау мерзімі – 5 күн.

10.4.5 0,50 мкг/дм^3 массалық концентрациясының сынап ерітіндісі (номиналды мәні)

Сыймдылығы 100 см^3 өлшегіш құтыға 30 см^3 сұйылту ерітіндісі (10.3.3), массалық концентрациясы 10 мг/дм^3 (см. 10.4.3) сынап 5 см^3 ерітіндісінің құйылады, белгіге дейін сұйылту ерітіндісімен мұқият араластыру арқылы жеткізіледі. Тоңазытқышта сақтау мерзімі – 5 күн.

10.4.6 0,20 мкг/дм^3 массалық концентрациясының сынап ерітіндісі (номиналды мәні)

Сыймдылығы 100 см^3 өлшегіш құтыға 30 см^3 сұйылту ерітіндісі (10.3.3), массалық концентрациясы 10 мг/дм^3 (см. 10.4.3) сынап 2,0 см^3 ерітіндісінің құйылады, белгіге дейін сұйылту ерітіндісімен мұқият араластыру арқылы жеткізіледі. Ерітінді дайындалу кезінде пайдаланылады.

10.4.7 0,01 мкг/дм^3 массалық концентрациясының сынап ерітіндісі (номиналды мәні)

Сыймдылығы 100 см^3 өлшегіш құтыға 30 см^3 сұйылту ерітіндісі (10.3.3), массалық концентрациясы 1,00 мг/дм^3 (см. 10.4.4) сынап 1,0 см^3 ерітіндісінің құйылады, белгіге дейін сұйылту (10.3.3), ерітіндісімен мұқият араластыру арқылы жеткізіледі. Ерітінді дайындалу кезінде пайдаланылады.

10.5 Сынамаларды іріктеу және консервациялау

Сынамаларды іріктеуге қойылатын жалпы талаптар ҚР СТ ГОСТ Р 51592 бойынша, ауыз су сынамаларын іріктеуге қойылатын талаптар ҚР СТ ГОСТ Р 51593 бойынша, ыдысқа құйылған су ҚР СТ ГОСТ Р 52109 бойынша, беттік су ГОСТ 17.1.5.05 бойынша, минералды су ГОСТ 23268.0 бойынша, ағынды су ПНД Ф 12.15.1-08 сәйкес.

Іріктелетін сынама көлемі кемінде 200 $см^3$ құрайды. Сынамаларды сақтау және тасымалдау үшін политетрафторэтилен (PTFE), фторланған полиэтилен-пропилен (FEP), боросиликат шыны немесе тазалығы тексерілген кварц және полиэтилен пакетте қымталып оралған ыдыстар пайдаланылады.

Сынаптың ерітілген және өлшенген нысандар жинағын анықтау кезінде (жалпы сынап) сынама сүзілмейді. Сынаптың ерітілген нысандарын анықтау кезінде сынаманы алдымен 25 $см^3$ сүзгішті алып, өлшемі 0,45 мкм тесікті мембраналық сүзгіш арқылы консервациялауға дейін сүзеді.

Сүзуге дейін сынаманы сақтау уақыты 3 сағаттан аспауға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Сүзу үшін «көк таспа» сүзгішін пайдалануға болады.

Консервацияланбаған сынаманы іріктеу кезінен бастап 3 сағат бойы талдау керек. Сынамаларды консервациялау сынамаларды минералдаудың таңдалған әдісіне байланысты өткізіледі:

А әдісі бойынша: 200 $см^3$ сынаманың әрқайсысына 1 $см^3$ концентрацияланған азот қышқылы және 1 $см^3$ калий перманганаты ерітіндісін (10.3.7.1) қосады. Консервацияланған сынаманы сақтау мерзімі тоңазытқышта 3 күн.

Б әдісі бойынша: 100 $см^3$ сынаманың әрқайсысына 1 $см^3$ калий бихроматы (10.3.2) қосады. Консервацияланған сынаманы сақтау мерзімі тоңазытқышта 3 күн.

Сынаманы консервациялау кезіндегі сияқты реагент мөлшері қосылған тазартылған судың тиісті көлемді сынама орнына пайдалану арқылы «консервацияның бас сынамасын» бір уақытта дайындайды.

10.6 Жұмысқа дайындау

ПН сәйкес, ПН қондырмасы, сондай-ақ ДК ПН сәйкес суық бу әдісін пайдалану арқылы талдағышты жұмысқа дайындайды.

Сынамадағы сынаптың күтілетін массалық концентрациясына байланысты жұмыс кюветін таңдайды және 2-кестеге сәйкес өлшеу процесінде оны кезеңді бақылау арқылы ауа шығынының қажет етілетін шығыны белгілейді.

Кюветаға қосылған барботерге қышқыл буының түсуінен газ трактын қорғау үшін (қорғау барботёрі) натрий гидроксидін 5-7 $см^3$ ерітіндісін (10.3.5) енгізеді. Жұмысты аяқтаған соң ерітінді барботёр тазартылған сумен мұқият шайылады.

2-кесте. Өлшеу шарттары

Кювета	Өлшеу ауқымы, мкг/$дм^3$	Ауа шығыны, $дм^3$/мин
Көп жүрісті	0,01 – 5	4
Бір жүрісті	0,5 – 200	1

10.7 Градуирлеу сипаттамаларын белгілеу

Талдағышты градуирлеу *m* сынамадағы сынапь салмағы мен интегралды аналитикалық сигнал арасындағы(S - S_0) байланысты (2) формула бойынша белгілеу:

$$S - S_0 = a \cdot m \quad (2)$$

мұндағы S – градуирлеуге арналған аналитикалық сигналдың пик ауданы;

S_0 – фондық ерітінді үшін аналитикалық сигналдың пик ауданы;

m – градуирлеу ерітінді аликвотасындағы сынап салмағы, нг;

a – градуирлеу коэффициенті.

Бұл ретте сынап салмағы (3) формула бойынша есептеледі:

$$m = V \cdot C_{гр} \quad (3)$$

Мұндағы е V – Градуирлеу ерітіндісінің аликвота көлемі, см^3;

$C_{тр}$ – Градуирлеу ерітіндісіндегі сынаптың массалық кон центрациясының алдын ала жазылған мәні, мкг/дм^3.

Градуирлеу сипаттамасы 5 см^3 аликвота көлемінде 2-кестеде келтірілген ауқымға сәйкес келетін жағдайда, көп жүрісті кювета үшін 0,05 нг бастап 25 нг дейін және бір жүрісті кювета үшін 5 нг бастап 1000 нг дейін барлық сызықтық ауқымда белгіленеді.

Көп жүрісті кювета үшін 0,05 нг бастап 5 нг дейін және 5- 500 нг ауқымы 0,01 мкг/дм^3 бастап 1 мкг/дм^3 дейін және 1,0 мкг/дм^3 бастап 100 мкг/дм^3 дейін сәйкесінше сынаптың массалық концентрациясы ауқымына сәйкес келетін ауқымды пайдалану керек (аликвота кезінде 5 см^3).

Градуирлеу өткізу үшін 3-кестеде келтірілген ерітінділер пайдаланылады. Әрбір ерітінді екі рет таладанады.

Программалық қамтамасыз етудің «Сынамаларды талдау» терезесінде «Градуирлеу» режимі таңдалады және өлшеу графигі жұмыстары іске қосылады.

Реакциялық ыдысқа (қорғау барботермен қосылған барботер) 4 см^3 қалпына келтіруші ерітінді 10.3.3 бойынша дозатормен енгізіледі және базалық сызықты тұрақтандыру үшін кемінде 20 с күтіледі.

Бұл ретте сигналдың орташа квадраттық ауытқуы (ОКА) 2 бірліктен аспауға тиіс.

3-кесте. Градуирлеуді өткізуге арналған ерітінділер

Кювета	$C_{реф}$, мкг/дм^3 (жақшада – дайындау пункты)			
	Сұйылту ерітіндісі	Градуирлеу ерітінділері		
Көп жүрісті	0 (10.3.3)	0,01 (10.4.7)	0,20 (10.4.6)	1,00 (10.4.4)
Бір жүрісті	0 (10.3.3)	0,50 (10.4.5)	10,0 (10.4.3)	100 (10.4.2)
ЕСКЕРТПЕ Сынамадағы сынаптың күтілетін концентрациясына байланысты 2-кесте бойынша өлшеу ауқымы шегінде жататын басқа концентрацияның градуирлеу ерітінділерін пайдалануға болады. Градуирлеу үшін ерітінділер саны кемінде 4 болуға тиіс.				

Реакциялық ыдысқа 5 см^3 градуирлеу ерітіндісін 3-кестеге сәйкес дозатормен енгізіледі және базалық сызық сигналын қайтарған соң (кемінде 30 с соң) аналитикалық сигнал интегралданады. Реакициялық ыдыстан өңделген ерітінді құйылып алынады және барботер таза сумен шайылады.

Сұйылту ерітіндісін талдаған соң интегралдық аналитикалық сигналдың S_0 мәні, ал градуирлеу ерітінділерін талдау кезінде тиісті S мәні белгіленеді.

Программалық қамтамасыз ету құралдарын пайдалану арқылы сынап салмағынан аналитикалық сигналдарының сызықтық тәуелділігін көрсетеді.

10.8 Градуирлеу сипаттамасының қабылдағыштығын тексеру

Градуирлеу сипаттамасының қабылдағыштығын тексеру 10.7 бойынша оны белгілеген соң тікелей өткізіледі. РАПИД ДК пайдалану арқылы градуирлеу ерітіндісіндегі сынаптың массалық концентрациясының алдын ала жазылған мәнінен градуирлеу сипаттамасы бойынша есептелген сынаптың массалық коэффициенті мәнінің түзету коэффициенті мен салыстырмалы ауытқу (d, %) есептеледі.

Градуирлеу сипаттамасы мына шарттар орындалу кезінде қабылдамалы деп танылады:

- түзету коэффициенті кемінде 0,99;
- салыстырмалы ауытқу мәні d, %, әрбір градуирлеу нүктесі үшін абсолюттік шама бойынша 10 % аспауға тиіс.

Кері жағдайда қанағаттанғысыз нәтиже себебін тауып жойылады, содан үшін градуирлеу қайталанады. Градуирлеу 14.4 бойынша градуирлеу сипаттамаларын тұрақтылығын бақылаудың кері нәтижесі кезінде тағы да өткізіледі.

11 Өлшемдерді орындау тәртібі

11.1 Талдауға сынамаларды дайындау

Судың бастапқы сынамасынан бұдан әрі мәтін бойынша «екі параллель сынама» деп аталатын екі параллель анықтамаларды өткізу үшін екі аликвота іріктеледі.

Талданатын сынамалардың әрбір сериясынан бос сынама талдау өткізеді (кемінде екі параллель; бұдан әрі – «параллель бос сынамалар»).

Егер сынамалар конвервацияланған болса, онда бос сынама ретінде «консервация бос сынамасы» пайдаланылады. Бос сынама ретінде таза су пайдаланылады, оның көлемі сынама аликвотаның көлеміне тең. Бос сынама 11.1.1 немесе 11.1.2 қарастырылған барлық сатылар арқылы өткізіледі.

Аликвота іріктеу алдында сынаманы кемінде 1 мин қарқынды сіліндіріледі. Сынамаларды минералдау тартқыш шкафта өткізіледі.

11.1.1 А әдісі (перманганаттық минералдау)

Көлемі 35 $см^3$ сынама аликвотасы сыйымдылығы 100 $см^3$ шлифі бар термо төзімді конув тәрізді құтыға құйылады.

4-кестені басшылыққа ала отырып, концентрацияланған күкірт қышқылын, концентрацияланған азот қышқылын, калий перманганаты ерітіндісін қосады (10.3.7.1). 10 мин араластырып, егер күлгін бояу бұзылса, онда тағы да 2 $см^3$ калий перманганаты ерітіндісін қосады. Содан соң калий персульфаты ерітіндісін қосады (11.3.7.2).

100 °С кезінде кері тоңазытқышта 2 сағат бойы құты қыздырылады немесе бөлме температурасында 16 – 24 сағ қалдырады, осы жағдайда құтыны тегістелген тығынмен жабылады.

Егер сынаманы минералдау қыздырылған жағдайда, онда оны бөлме температурасына дейін салқындатады. Өлшеу алдында гидрохлорид гидроксиламині ерітіндісін тамшылатып қосу арқылы артық тотық алынып тасталады (10.3.4) және ерітінді түссіз болғанға дейін мұқият араластырылады. Құты ішіндегісі 50 $см^3$ тазартылған сумен сұйылтады.

ЕСКЕРТПЕ Сыйымдылығы 50 $см^3$ өлшегіш құтыға минералдау енгізуге және белгіге дейін тазартылған сумен құты ішіндегісін сұйылтуға болады. Осы жағдайда ыдыс тазалығын мұқият бақылап сақтау керек.

4-кесте. Минералдауға қажетті ерітінділер көлемі

Реактив атауы	Көлемі, $см^3$
Сынама аликвотасы көлемі	35
Күкірт қышқылы	3,5
Азот қышқылы	1,0
Калий перманганат ерітіндісі	2,0
Калий персульфат ерітіндісі	1,5
Таза сумен минералдау арқылы сұйылтқан соң сынаманың соңғы көлемі	50

11.1.2 Б әдісі (бромид-броматты минералдау)

Сыйымдылығы 50 $см^3$ өлшегіш цилиндрмен 40 $см^3$сынама аликвотасын іріктейді және сыйымдылығы 50 $см^3$ өлшегіш құтыға 7,5 $см^3$ тұз қышқылы ерітіндісін құяды (10.3.8.1), 1 $см^3$ бромид-броматты қоспасы (10.3.8.4).

Егер сары бояу бұзылса, араластырылып, тағы да 1 $см^3$ бромид-броматты қоспаны қосады.

Өлшеу алдында тікелей 30 минуттан соң 0,5 $см^3$ гидрохлорид гидроксиламины ерітіндісін (10.3.4) қосады, сары бояу жоғалғанға дейін мұқият араластырылады. Таза сумен белгіге дейір апарып араластырылады.

11.2 Өлшемді өткізу

Сынамадағы сынаптың ұсынылатын құрамына байланысты 2-кестеге сәйкес жұмыс кюветі таңдалады. Сынамада сынап құрамы туралы ақпарат болмаған кезде бір жүрісті кюветаны пайдалану арқылы талдау бастау керек.

Жұмысқа талдағыш 10.6 тармағына сәйкес дайындалады.

ПҚ «Сынамаларды талдау» терезесінде «Талдау» режимі таңдалады, градуирлеу сипаттамасын таңдалады, өлшеу графигі жұмыстары іске қосылады.

Градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылау 14.2 сәйкес өткізіледі. Оң нәтиже жағдайында сынамаларды талдауға кіріседі. Реакциялық ыдысқа 4 $см^3$ қалпына келтіруші ерітінді 10.3.6 бойынша дозатормен енгізіледі. Базалық сызықты тұрақтандыру үшін кемінде 20 с күтіледі, бұл ретте сигналдың орташа квадраттық ауытқуы (ОКА) 2 бірліктен аспауға тиіс.

Реакциялық ыдысқа 5 $см^3$ градуирлеу 11.1.1 немесе 11.1.2 бойынша дайындалған ерітінді дозатормен енгізіледі және базалық сызық сигналын қайтарған соң (кемінде 30 с соң) аналитикалық сигнал интегралданады. Реакциялық ыдыстан өңделген ерітінді құйылып алынады және барботер таза сумен шайылады.

Сұйылту ерітіндісін талдаған соң интегралдық аналитикалық сигналдың S_0 мәні, ал градуирлеу ерітінділерін талдау кезінде тиісті S мәні белгіленеді.

Программалық қамтамасыз ету құралдарын пайдалану арқылы сынап массалық концентрациясы ($C_{пр}$, мкг/дм^3) есептеледі.

Егер $C_{пр}$ мәні 10.7 тармағында белгіленген градуирлеу сипаттамасы ауқымының жоғары шегінен басым болса, онда дайындалған сынаманы сынаптың массалық концентрациясы өлшеу ауқымының ортасында болатындай етіп тазартылған сумен сұйылтады және өлшемдер қайталанады.

Сұйылту коэффициенті (Q_1) (4) формула бойынша есептеледі:

$$Q_1 = \frac{V_к}{V_а} \quad (4)$$

мұндағы $V_к$ – Құты көлемі , см^3;

$V_а$ – Сұйылту үшін іріктелген дайындалған сынама көлемі, см^3.

5 мкг/дм3 ауқымының жоғары шегінен артқан кезде көп жүрісті кюветаны пайдалану кезінде дайындалған сынаманы сұйылту орнына бір жүрісті кюветаны пайдаланумен бірге өлшемдерді өткізуге болады.

Ескертпе. Егер талдау кезінде қатты көбіктену болса (сұйықтық барботер бұрылысына түседі), онда барботерге силикон майының 2 тамшысын қосады (мысалы, ГОСТ 13032 бойынша ПМС-300).

Пареллель бос сынамада дайындалған сынаптың массалық концентрациясын оған ұқсас өлшейді және бос сынамадағы сынаптың массалық концентрацияның мәні ретінде қабылдайтын орташа арифметикалық мәні есептеледі.

Егер бос сынамадағы сынаптың массалық концентрацияның өлшенген екі мәні шекаралық мәнінен аспайтын болса (көп жүрісті кюветамен жұмыс істеу кезінде 0,01 мкг/дм^3 немесе бір жүрісті кюветамен жұмыс істеу кезінде 0,1 мкг/дм^3), онда бос сынаманың мәні қабылдамалы деп саналады. Егер бір мәні ғана шекаралық мәнінен артатын болса, онда бос сынаманың орташа мәні есептеледі және шекаралық мәнімен салыстырылады. Егер орташа мәні шекаралық мәнінен артатын болса, онда нәтижелері сондай-ақ қабылданбалы деп танылады.

Пареллель бос сынамада сынаптың массалық концентрациясының орташа арифметикалық мәні шекаралық мәнінен артатын болса, онда мына шарттар тексеріледі.

$$| C_{хол,1} - C_{хол,2} | \leq 0,3 \cdot C_{хол} \quad (5)$$

мұндағы $C_{хол,1}$ $C_{хол,2}$ – Пареллель бос сынамада сынаптың массалық концентрациясының өлшенген мәні, мкг/дм^3;

$C_{хол}$ – орташа арифметикалық мәні $C_{хол,1}$ және $C_{хол,2}$.

(5) шарттары орындалмаған жағдайда тұрақсыздық себебі табылып жойылады. Егер **Ошибка! Источник ссылки не найден.** шарты орындалса,

онда бұл айтарлықтай ықтимал көзі химиялық реактивтер болып табылатын сынапты бос сынаманың ластанғанын куәландырады.

ЕСКЕРТПЕ Өлшеу нәтижелерінің шекаралық мәнінен жоғары бос сынама ластанған кезде, егер $C_{хол}$ мәні (5) шарттары орындалған кезде $C_{пр}$ мәнінің 50 % артық емес құрайтын жағдайда, нақты деп саналады.

12 Өлшеу нәтижелерін өңдеу

Сынамада сынаптың массалық концентрациясының (X, мкг/дм^3) формула бойынша программалық қамтамасыз ету пайдалану арқылы есептеледі:

$$X = (C_{пр} \cdot Q_1 - C_{хол}) \cdot Q_2 \quad (6)$$

мұндағы $C_{пр}$–11.2 бойынша дайындалған сынамада сынаптың салмақтық концентрациясы, мкг/дм^3;

$C_{хол}$ –11.2 бойынша бос сынамадағы сынаптың массалық концентрациясы (екі параллель мәні үшін орташа арифметикалық мәні), мкг/дм^3

Q_1 –(4) формула бойынша сұйылту коэффициенті, егер дайындалған сынама сұйылмайтын жағдайда, онда $Q_1 = 1$;

Q_2 – Сынама аликвотасының көлеміне дайындалған сынаманың түпкілікті көлемі қатынасына тең, сынаманы сұйылту коэффициенті (А әдісінде 35 см^3 немесе Б әдісінде 40 см^3), яғни, А әдісі үшін А Q_2 = 1,43, Б әдісі үшін Q_2 = 1,25.

(6) формула бойынша есептеулер әрбір параллель сынама үшін өткізіледі (0 т.) және (X_1 және X_2, мкг/дм^3), екі мәні алынады, содан соң олардың орташа арифметикалық мәні есептеледі ($\overline{X}$, мкг/дм^3):

$$\overline{X} = \frac{X_1 + X_2}{2} \quad (7)$$

Сынамадағы сынаптың массалық концентрациясының өлшеу нәтижесі ретінде мына шарттар орындалатын n = 2 параллель анықтаманың нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні қабылданады:

$$| X_1 - X_2 | \leq 0{,}01 \cdot \overline{X} \cdot r_{отн} \quad (8)$$

мұндағы X_1 және X_2– параллель анықтама нәтижелері, мкг/дм^3;

X - параллель анықтама нәтижелері орташа арифметикалық мәні **Ошибка! Источник ссылки не найден.** формула бойынша, мкг/дм^3;

$r_{отн}$ - қайталанғыштық шегі (5-кесте), %.

5-кесте. P = 0,95 сенімді ықтималдығы үшін қайталанғыштығы мен өнімділік шегінің мәндері

Сынаптың массалық концентрациясының өлшеу ауқымы, мкг/дм^3	Шегі	
	Екі параллель анықтама нәтижелерінің қайталанғыштығы $r_{қаты}$, %	Екі бірлік өлшем нәтижелерінің өнімділігі $R_{қаты}$ %
А әдісі		
0,010 бастап 0,050 дейін қоса алғанда	63	**
050 бастап 0,20 дейін қоса алғанда	35	60
0,20 бастап 1,00 дейін қоса алғанда	25	40
1,00 бастап 2000 дейін қоса алғанда	17	25
Б әдісі		
0,010 бастап 0,030 дейін қоса алғанда	63	83
0,030 бастап 0,10 дейін қоса алғанда	36	49
0,10 бастап 1,00 дейін қоса алғанда	27	35
1,00 бастап 5,0 дейін қоса алғанда	17	25
** мәндері белгіленбеді		

(8) формула шарттары орындалмаған кезде ГОСТ ИСО 5725-6 стандартының 5-бөлімінің сәйкес параллель анықтамалар нәтижелерінің қабылдауды тексеру және түпкілікті нәтижені белгілеу әдістері пайдаланылуы мүмкін.

13 Өлшеу нәтижелерін рәсімдеу

Өлшеу нәтижесі мына түрде көрсетілуі мүмкін: $\bar{X} \pm U$, мкг/дм^3,

мұндағы $\bar{X}$ - n = 2 параллель анықтаманың нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні , мкг/дм^3;

U - өлшеу дәлдігі көрсеткішінің мәні (2-қамту коэффициенті бар өлшемдердің кеңейтілген белгісіздігі), мкг/дм^3:

$$U = 0{,}01 \cdot U_{отн} \cdot \bar{X} \qquad (9)$$

$U_{қаты}$ мәндері 1-кестеде келтірілген.

Өлшеу нәтижелерінің жазба мысалдары:

(0,015 ± 0,008) мкг/дм^3, k=2;

(0,076 ± 0,022) мкг/дм^3, k=2;

(0,26 ± 0,05) мкг/дм^3, k=2;

(1,44 ± 0,20) мкг/дм^3, k= 2;

(152 ± 21) мкг/дм^3, k=2.

Егер өлшеу нәтижелері 1000 мкг/дм^3 артатын болса, онда (1,30 ± 0,18) мг/дм^3 массалық концентрациясының бірлігі ретінде пайдалану арқылы оны көрсету керек, k=2.

14 Өлшеу сапасын бақылау

14.1 Жалпы ережелер

Өлшеу сапасын бақылау

- градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығы 14.2 бойынша;
- стандарттық үлгісін пайдалану арқылы өлшеу дәлдігін 14.3 бойынша бақылау;
- өлшеу дәлдігін қоспа әдісі арқылы 14.4 бойынша бақылау;
- өлшеу нәтижелерінің тұрақтылығын бақылау қарастырады.

14.2 Градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылау

Градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылау талданатын үлгінің өлшеу алдында жұмыс күні басында өткізіледі. Градуирлеу сипаттамасының тұрақтылығын бақылау үшін сынаптың бақылау ерітіндісі пайдаланылады.

Бақылау ерітіндісінің массалық концентрациясы талданатын сынамада сынаптың ұсынылатын құрамына негізделе таңдалады.

Көп жүрісті кюветаны пайдалану кезінде 0,20 мкг/дм^3 массалық концентрациясының (10.4.6), бір жүрісті кювета пайдалану кезінде массалық концентрациясы 10 мкг/дм^3 (см. 10.4.3) сынап ерітіндісі ұсынылады.

Бақылау ерітіндісі 10.7 сәйкес екі рет талданады.

Жұмыс градуирлеу сипаттамасын пайдалану арқылы әрбір енгізу үшін сынаптың массалық концентрациясы есептеледі ($C_{к,1}$ және $C_{к,2}$, мкг/дм^3 сәйкесінше).

Градуирлеу сипаттамасы егер әрбір алынған мәні $C_{к,i}$ (i = 1, 2) үшін (10) шарт орындалатын болса, тұрақты деп саналады:

$$|C_{к,i} - C_0| \leq 0{,}10 \cdot C_0 \qquad (10)$$

мұндағы C_0 – бақылау ерітіндідегі сынаптың массалық концентрациясы алдын ала жазылған мәні, мкг/дм^3;

$C_{к,1}$ – Бақылау ерітіндісінің өлшеу нәтижесі, мкг/дм^3;

мұндағы i=1,2

Ошибка! Источник ссылки не найден. шарттары орындалмаған кезде бақылау нәтижелерінің кемінде біреуі қайталанады. Аталған норматив қайта арту кезінде ауа шығыны тексеріледі, 10.1.1 бойынша бақылау ерітіндісін дайындау үшін барботер және ыдыс жуылады, сынаптың бақылау ерітіндісі тағы да дайындалады және бақылау қайталанады. Кері нәтиже болатын жағдайда, жаңа градуирлеу сипаттамасы белгіленеді.

Әдістеме тұрақты қолдану кезінде ГОСТ ИСО 5725-6 стандартын басшылыққа ала отырып, бақылау картасындағы нәтижелерді тіркеу қажет (орташа мәндер картасында және тербелу картасында).

14.3 Стандарттық үлгілер пайдаланылған өлшеу дәлдігін бақылау

Стандарттық үлгілер пайдаланылған өлшеу дәлдігін бақылау ауыз су, оның ішінде ыдысқа құйылған ауыз су сынамаларын талдау кезінде ұсынылады.

Өлшеу дәлдігін бақылау кезеңділігі Зертхана сапасы бойынша нұсқауда белгіленуге тиіс. Өлшеу нәтижелерін кезектен тыс бақылау жұмыста ұзақ үзілістен соң өткізіледі, реактивтерді ауыстырған соң, сондай-ақ алынған нәтижелердің анықтығында күмән туындаған кезде өткізіледі.

Өлшеу дәлдігін бақылауға арналған үлгілер ГСО 8004-93 сынап иондары ерітіндісі құрамының МСҮ кезеңді сұйылту арқылы дайындалған градуирлеу сипаттамасының әрекет ету ауқымындағы сынап ерітінділері болып табылады (10.4.1 – 10.4.7).

Бақылау үлгісіндегі сынаптың массалық концентрациясы талданатын сынамадағы сынаптың массалық концентрациясы ауқымына сәйкес келуге тиіс.

Бақылауға арналған үлгі және бос сынама (бос сынама ретінде 10.3.3. бойынша сұйылту ерітіндісі пайдаланылады) әдістемеде қарастырылған талдаудың барлық сатысы арқылы өткізіледі, яғни 11.1.1 немесе 11.1.2 бойынша минералдау өткізіледі, 11.2 сәйкес минералдау кезінде алынған сынаптың массалық концентрациясы өлшенеді, содан кейін 12 сәйкес үлгіде минералдау кезінде алынған сынаптың массалық концентрациясының өлшеу нәтижелері есептеледі ($X_к$, мкг/дм^3).

Бақылау нәтижелері, егер мына теңсіздік орындалатын жағдайда, қанағаттандырарлық деп саналады.

$$|\bar{X}_к - C_0| \leq 0{,}01 \cdot C_0 \cdot K_0 \qquad (11)$$

мұндағы C_0 - бақылау үлгісіндегі сынаптың массалық концентрациясы алдын ала жазылған мәні, мкг/дм^3.

K_0 - өлшеу дәлдігін бақылау нормативі, %.

K_o нормативі 0,84·$U_{қаты}$ тең деп қабылданады, мұндағы $U_{отн}$ – 1-кестеде келтіргпн k=2 қамту коэффициенті кезіндегі өлшемнің салыстырмалы кеңейтілген белгісіздігі.

Егер **Ошибка! Источник ссылки не найден.** теңсіздігі орындалса, онда бақылау процедурасы қайталанады.

Осы шарттар қайта орындалмаған жағдайда, қанағаттанғысыз нәтижеге әкелетін себептер жойылады және оларды жою бойынша шаралар қабылданады.

14.4 Қосу әдісімен өлшеу дәлдігін бақылау

Қосу әдісін пайдалану арқылы өлшеу дәлдігін бақылау теңіз, ағынды және минералды суды қоса, табиғи су сынамаларын талдау кезінде, сондай-ақ осы әдістемесі бойынша зертханада бұрын талданбаған су типтерімен жұмыс істеу кезінде өткізіледі.

Жарамдылығын бақылауға арналған іріктелген сынама көлемі әдістеме бойынша талдау өткізу үшін қажетті екі есе көлеміне сәйкес келуге тиіс. Іріктелген көлем екіге бөлінеді, порцияның жартысын сынап қоспасына қосады. Қоспа шамасы бастапқы сынамадағы сынап мөлшерінің 50 % - 150 % дейін құрауға тиіс. Қоспа көлемі сынама көлемінің 5 % аспауға тиіс.

Қоспа шамасы ($C_д$, мкг/дм^3) мына формула бойынша есептеледіҮ

$$C_д = \frac{C_o \cdot V_o}{V} \qquad (12)$$

мұндағы C_o - қоспаны енгізуге үшін пайдаланылатын градуирлеу ерітіндісіндегі сынаптың массалық концентрациясы алдын ала жазылған мәні, мкг/дм^3;

V_o - Қоспа ретінде енгізілген градуирлеу ерітіндісі көлемі, см^3;

V - Сынама көлемі, см^3.

Осы әдістемеге сәйкес толық қосылған сынаманы және бастапқы сынама талданады және талдау нәтижелері алынады ($\bar{X}$ және $\bar{X}'$, мкг/дм^3 екі параллель анықтаманың ортасы сияқты сәйкесінше). Әдістеме жарамдылығын бағалау нәтижесі шарттарды орындау кезінде оң деп табылады:

$$|\bar{X}' - \bar{X} - C_д| \leq K_{пр} \qquad (13)$$

$K_{пр}$ бақылау нормативі формула бойынша есептеледі

$$K_{пр} = 0{,}7 \cdot \sqrt{r_X^2 + r_{X'}^2} \qquad (14)$$

Мұндағы r_x және $r_{x'}$ - Бастапқы сынама және қоспалы сынама үшін P = 0,95 сенімді ықтималдығы кезінде қайталанғыштық шегі (абсолюттік мәні), мкг/дм^3.

Өз кезегінде осы мәндер мына формула бойынша есептелуі мүмкін

$$r_X = 0{,}01 \cdot r_{отн,X} \cdot \overline{X} \qquad (15)$$
$$r_{X'} = 0{,}01 \cdot r_{отн,X'} \cdot \overline{X}'$$

Мұндағы $r_{отн,X}$ және $r_{отн,X'}$ -5-кестеге сәйкес бастапқы сынама және қоспалы сынама үшін сәйкесінше P = 0,95 сенімді ықтималдығы кезінде қайталанғыштық шегі (салыстырмалы мәні), мкг/дм^3

Егер **Ошибка! Источник ссылки не найден.** теңсіздігі орындалса, онда бақылау процедурасы қайталанады.

Осы шарттар қайта орындалмаған жағдайда, қанағаттанғысыз нәтижеге әкелетін себептер жойылады және оларды жою бойынша шаралар қабылданады.

Библиография

[1] «Сынаппен және оның қосылыстары және сынап толтырылған құралмен жұмыс істеу кезіндегі санитарлық ережелер» 04 сәуір 88 ж. № 4607-88.

ӘОЖ 389.14:006.354 **МКС 13.060.20**

Түйінді сөздер: атомды – абсорбциялық әдіс, электртермикалық атомизация, өлшемді орындау әдістемесі

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВОДА

Определение содержания ртути методом «холодного пара

СТ РК 2324-2013

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт метрологии» и ООО «Люмэкс-маркетинг», г. Санкт-Петербург

2 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 07 октября 2013 года № 493-од

3 Настоящий стандарт разработан на основе М 01-42-2008 «Методика выполнения измерений массовой концентрации ртути в пробах природных, питьевых, поверхностных, морских и очищенных сточных вод атомно-абсорбционным методом с зеемановской коррекцией неселективного поглощения на анализаторе ртути», разработанной ООО «Люмэкс-Маркетинг» (г. Санкт-Петербург, Российская Федерация)

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2018 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений – в ежемесячных информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Термины и определения	3
4	Требования к показателям точности измерений	3
5	Метод измерений	4
6	Средства измерений, вспомогательные устройства реактивы и материалы,	5
7	Требования безопасности, охраны окружающей среды	7
8	Требования к квалификации оператора	7
9	Требования к условиям измерений	7
10	Подготовка к выполнению измерений	7
11	Порядок выполнения измерения	15
12	Обработка результатов измерений	18
13	Оформление результатов измерений	19
14	Контроль качества измерений	20
	Библиография	23

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВОДА
Определение содержания ртути методом «холодного пара»

Дата введения 2014-07-01

1 Область применения

